

ӘОЖ 930

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮРДСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әмірбекова Ж.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тарих факультетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Ғ.И. Көшенова

Урбанизация – қалалану, әлем елдері дамуының бір белгісі ретінде танылған маңызды көрсеткіш. Ауылдық елді мекендердегі халықтың инфрақұрылымы дамыған, мәдениет пен руханият және басқа да өркениет ошақтары шоғырланған қалаға көшуі заңды құбылыс. Бұл бізде ғана емес, бүкіл әлемде болып жатқан тенденция. Біз осы үдеріс елімізде қалай жүріп жатқанына үңіліп, саралауды жөн көрдік. Урбанизация мәселесін ескере отырып, тарихи тұрғыдан алғанда қазақтар үшін ауылдар маңызды рөл атқарғанына ерекше назар аудару қажет. Жаһандану дәуірінде біз ұлттық мәдениеттің сақталуына және дамуына баса назар аударуымыз керек, ал мәдениеттің бастауы ауылдардан басталады. Осы тұрғыдан алғанда,

біздің мемлекеттің болашағын құруда ауылдардың рөлін төмендетпеуіміз қажет. Қазақстанның қалалары мен ауылдарының ерекшеліктерін қарастырар болсақ, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңына сәйкес республика аумағында орналасқан елді мекендер қалалық және ауылдық жерлерге бөлінеді. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныштылығының аумағында орналасқан қалалар жатады; ауылдық жерлерге - барлық басқа елді мекендер әкімшілік бағыныштылығына қарамастан жатады. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 2572-ХІІ Заңы [1].

Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік әкімшілік-аумақтық құрылымға 19 облыс, 216 облыстық әкімшілік-аумақтық бірлік кірді. Негізгі өзгерістер 1997 жылы Торғай, Талдықорған, Жезқазған, Көкшетау және Семей өңірлері таратылған кезде болды. Нәтижесінде Ақмола, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарының шекаралары өзгерді. 1997 жылы әкімшілік-аумақтық реформа бұрынғы дивизионның экономикалық тұрғыдан тиімсіз және пайдалы емес екенін көрсетті. Өңірлерді біріктіру тұтастай өңірлер мен жалпы Қазақстанды дамытуға серпін берді.

2016 жылы Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуі 14 облыс, 160 аудан, 86 қала (оның ішінде 2 республикалық маңызы бар: Астана және Алматы), 195 ауыл, 2450 ауылдық округ бар [2,42].

Қазақстан өңірлердегі халық санының динамикасы (1989-2016 жж.)

1-кесте

	1989	1999	2009	2019 (жылдың басы)
Қазақстан Республикасы	16199154	14953126	16009597	18 507 942
Ақмола облысы	1064406	836271	737495	739 027
Ақтөбе облысы	732653	682558	757768	875 157
Алматы облысы	1642917	1558534	1807894	2 048 476
Атырау облысы	424708	440286	510377	639 211
Шығыс Қазақстан облысы	1767225	1531024	1396593	1 376 119
Жамбыл облысы	1038667	988840	1022129	1 129 279
Батыс Қазақстан облысы	629494	616800	598880	655 147
Қарағанды облысы	1745448	1410218	1341700	1 377 798
Қостанай облысы	1223844	1017729	885570	870 675
Қызылорда облысы	574464	596215	678794	799 440
Маңғыстау облысы	324243	314669	485392	688 127
Павлодар облысы	942313	806983	742475	753 045
Солтүстік Қазақстан облысы	912065	725980	596535	551 829
Түркістан облысы	1823528	1978339	2469357	1 999 134
Алматы қаласы	281252	319324	613006	1 877 584
Нұр-Сұлтан қаласы	1071927	1129356	1365632	1 104 126

Кестені талдап кетер болсақ, 1989 жылдан 2019 жылға дейін республика халқының саны 2 308 788 адамға көбейіп, 18 507 942 адамды құрады.

Статистика бойынша 1999 жылы Қазақстан халқының саны 14 953 126 адамды құрады. 1989 жылмен салыстырғанда 1 246 028 адамға азайғанын байқаймыз. 1999 жылы өңірлердегі тұрғындардың саны да азайды. Атырау, Қызылорда және Түркістан облыстарынан басқа өңірлерде күлдырау байқалады. Республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында қалыпты сальдо болды.

1989 және 2019 жылдардағы деректерді салыстыру бойынша көрсеткіштердің төмендеуі Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады [3, 20].

Қазақстан өңірлердегі халық санының динамикасы (1989-2019 жж.).

2-кесте

	1989		1999		2009		2019(жылдың басы)	
		%		%		%		%
Қазақстан Республикасы	16199154	56,7	14953126	56,0	16009597	54,1	18 507 942	56,7
Ақмола облысы	1064406	47,2	836271	45,5	737495	46,4	739 027	47,1
Ақтөбе облысы	732653	54,1	682558	56,2	757768	60,8	875 157	62,4
Алматы облысы	1642917	32,7	1558534	29,8	1807894	23,0	2 048 476	22,0
Атырау облысы	424708	60,3	440286	58,2	510377	46,8	639 211	47,6
Шығыс Қазақстан облысы	1767225	58,4	1531024	58,8	1396593	57,3	1 376 119	59,8
Жамбыл облысы	1038667	47,3	988840	46,2	1022129	39,5	1 129 279	40,4
Батыс Қазақстан облысы	629494	42,5	616800	40,8	598880	46,3	655 147	49,8
Қарағанды облысы	1745448	81,7	1410218	82,2	1341700	77,5	1 377 798	79,6
Қостанай облысы	1223844	50,5	1017729	54,2	885570	49,6	870 675	52,8
Қызылорда облысы	574464	60,2	596215	60,5	678794	41,8	799 440	43,6
Маңғыстау облысы	324243	88,6	314669	78,4	485392	54,2	688 127	43,3
Павлодар облысы	942313	64,0	806983	63,4	742475	67,9	753 045	70,6
Солтүстік Қазақстан облысы	912065	35,9	725980	37,8	596535	39,8	551 829	45,6
Түркістан облысы	1823528	40,5	1978339	36,9	2469357	39,3	1 999 134	44,9
Алматы қаласы	281252	100	319324	100	613006	100	1 877 584	100
Нұр-Сұлтан қаласы	1071927	100	1129356	100	1365632	100	1 104 126	100

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар 3 қалада Нұр-Сұлтан мен Алматы, Шымкентте тұрақты халықтың оң сальдосы байқалады. Кестеге қарап, қала халқы 1989 жылдан 2019 жылға дейін 85294 адамға қалай өскенін көре аламыз.

Қалалық тұрғындардың үлесі 1989 және 1999 жылдары бұл көрсеткіштер төмен болғандығын ескере отырып 1989 жылғы көрсеткіштерге тең болды.

Қалалық тұрғындардың өсуі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында болды. Ал басқа облыстарда (Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында) азаматтардың саны азайған. Бұл көрсеткіш бойынша, 2019 жылға қарай қалалықтардың көбі Павлодар (70,6%) және Ақтөбе (62,4%) тұрғындарының санын азайтуға қарамастан Қарағанды (қала халқының үлесі - 79,6%), көптеген облыстарда 2019 жылға қарай көрсеткіш 1989 жылмен салыстырғанда төмен болғанымен, Қазақстандағы урбанизация деңгейі 60% -ға жуық [4,65]. Жалпы бұл көрсеткіш Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына көші-қонның жоғары деңгейімен байланысты. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының саны 1989 жылдан 2019 жылға дейін 591332 адамға артты. Кесте көрсеткендей, бұл көрсеткіш 1989 жылға дейін 2016 жылы өсті. Елдегі ауыл халқының саны көбейіп олардың саны 617801 адамға артты [5,425]. Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында ауыл тұрғындарының санының төмендеуі байқалды. Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ауыл тұрғындарының саны артуда.

2016 жылдың басында елдің ауыл халқының саны 43,3% -ды құрап, 7634319 адамды құрады. Ауыл халқының көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысында тұрады (1563094 адам - 55,1%), Алматы (1476534 адам - 75,9%), Жамбыл облысы (661239 адам - 59,6%) [6,17].

Жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтерді қарастыра отырып, ауыл халқының қалаға көшуі, яғни урбанизация деңгейінің жоғарылауына бірнеше себептер әсер етуі байқалуда. Ауылды жерлерде қазіргі уақытта қалаға көшіп жатқандардың дені жастар болып табылады. Оған себеп, біріншіден, оқу бітірген жастардың жұмыс орындарымен толықтай қамтамасыз етілмеуі, яғни жұмыс тапшылығы, жалақының аздығы. Екіншіден, ауылды жерлердің өз артықшылықтары халықтың орналасу тығыздығы төменірек, таза, әрі тыныш болғанымен де, кейбір адамдарға олар қалайтын орта мен өмір салтын ұсына алмайды. Үшіншіден, қызметтердің үлкен ассортименті, көлік желілеріне қолжетімділік және жұмыс мүмкіндіктері кейбір жастарды қалаға көшуге итермелейді. Төртіншіден, қалалық жердегідей балалар мен жасөспірімдерді қызықтыратын ауылды жердерде әртүрлі үйірмелер және секциялардың көп болмауы, осының әсерінен ата-ананың баласының дамығандығын қалағандықтан қалаға көшу байқалады. Бесіншіден, шалғай жатқан ауылдарда денсаулық сақтау қызметтерінің жоғары деңгейде көрсетілмеуі немесе кейбір ауруханаларда қажетті дәрігер-мамандардың жетіспеуі де әсер етеді. Нәтижесінде, ауыл халқының дамушы қалаларға қарқынды көшуі бірқатар мәселелермен соқтығысуымызға әкеліп соғады: оның ішінде сапасыз тұрғын үйлер, халықтың тым көп шоғырлануы, санитария мен азық-түлік тәрізді негізгі қызмет түрлеріне қысымның түсірілуін атауға болады. Нәтижесінде, үйсіз болу және оған қатысты мәселелер пайда болады. Ауыл тұрғындарының ірі қалаға жаппай көшуін экономика үшін тиімді жолмен басқаша ұйымдастыруымыз қажет. Ауыл халқын тек ірі қалаларға емес, шағын қалаларға көшіру арқылы сол аймақтардың экономикасын дамытуға болады. Ол үшін ауылды жерлер мен шағын қалаларда қызмет көрсету орындарын көптеп ашу, олардың сапасын жоғарылату және жұмыс орындарын ашып, ауыл халқына да бар жағдайды жасаса демографиялық ахуал біршама өзгереді. Егер ауылда өркениеттің белгісі – интернет, сандық жүйелер, денсаулық сақтау, энергия, инфрақұрылым мәселелері шешілсе, ауыл мен қалада өмір сүрудің парқы төмендер еді. Жұмыс көзі көбейіп, халықтың тұрмысы жақсарар еді. Мемлекеттің азаматтарды баспанамен, жұмыспен қамту және өзге де әлеуметтік бағдарламаларын урбанизацияны басқару бағытындағы шаралардың қатарына қосу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200>_ Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 2572-ХІІ Заңы
2. Козина В.В. Қазақстанның демографиялық тарихы: оқу құралы. пос. - Қарағанды қ., ҚарМУ баспасы, 2007 ж – 42 б.
3. Асылбеков М.Х, Козина В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы: Өркениет, 2001 ж -20 б.
4. Аналитикалық есеп. «Қазақстан Республикасының ұлттық санағының қорытындылары». Ed. Смаилова А.А. / Астана, 2011 ж. - 65 б .
5. 2016 жылы Қазақстанның өңірлері / Статистикалық жылнамасы / қазақ және орыс тілдерінде / 425 б.
6. Нарымбаев К.Д., Камалова Ф.Б. Қазақстандағы урбанизация үрдісінің өзекті мәселелері// Молодой ученый, 2017. №12.1, 17 б.